Бұл есептегі функционалдық тәуелділіктің өз алдына ерекшелігі бар. Есеп мазмұнында қандай шамаларды теңестіру керек екендігі жөнінде ештеңе айтылмаған. «Аралас» шайдың құны бірінші және екінші сортты шайлардың құндарының қосындысына тең болатындығын оқушының өзі байқауы қажет.

Есепке сәйкес таблица мынадай болады:

шамалар шайлар	Бағасы	Салмағы	құны
Бірінші сорт	4.7,2	1. x	5. 7,2x
Екінші сорт	6. 6	3. 8-x	6. 6(8-x)
«Аралас»	9. 6,75	2. 8	8. 54

$$\text{Теңдеуі: } 7,2x + 6(8 - x) = 54$$

Есеп төрт амалмен шығады.

Денелердің қозғалысына есептер шығарғанда алдымен бір ғана дененің бір қалыпты қозғалысын, бірнеше денелердің бір қалыпты қарама-қарсы қозғалысын немесе бір бағыттағы қозғалысын, содан кейін бір дененің айнымалы жылдамдықпен қозғалысын қарастыру керек.

Есеп. А пунктiнен В пунктiне белгiленген уақытта жету үшiн жаяу адам сағатына 5 км жылдамдықпен жүруi керек. Барлық жолдың жартысын сол жылдамдықпен жүргеннен кейiн, қалған жолды сағатына 30 км жылдамдықпен жүретiн машинамен В пунктiне белгiленген уақыттан 3 сағат бұрын келдi, А пунктiнен В пунктiне дейiнгi ара қашықтықты табыңыздар.

Есептегi қозғалыс жылдамдығы айнымалы. Егер ол айнымалы болса, онда жүрiлген жолды екі учаскiге бөлу арқылы бiр қалыпты қозғалысты қарастыруға болады.

Мұндай есептердi шығарғанда бастапқы белгiленген уақыт пен шынында кеткен уақытарасындағы айырмашылықтың қанша уақыт ерте келсе, соған тең болатындығын немесе жолда кiдiрiп, бiрақ, содан кейiн жылдамдығын арттырып белгiленген мезгiлiнде келсе, онда бастапқы белгiленген уақыт пен шынында кеткен уақыт арасындағы айырмашылық жолда кiдiрген уақытқа тең екендiгiн анықтау оқушыларға бiраз қиындық келтiредi.

Сондықтан бұл типтегi есептердi шығаруға дайындық ретiнде мына түрдегi жаттығулар системасын орындаған жөн:

- ✓ Жолаушыға белгiлi бiр жолды жүруге 12 сағат уақыт берiлген;
  - Ол уақытысынан 3 сағатқа кешiктi;
  - Ол мерзiмнен 3 сағат ерте келдi; осы берiлгендердi пайдаланып ненi бiлуге болады?
- ✓ Жолаушыға  $a$  сағат уақыт берiлген. Ол жолдың бiрiншi бөлiгiн  $b$  сағ жұмсады, содан кейiн  $c$  дем алды, ал жолдың қалған бөлiгiне  $d$  сағ жұмсап, белгiленген уақыттан  $n$  сағат кешiктi. Бұл шамалардың арасында қандай тәуелдiлiк бар?

$$\text{(жауабы } a + n = b + c + d)$$

Осы есептiң шартын таблица түрiнде былай жазуға болады:

Шамалар	Жылдамдық Км/сағ	Уақыт сағ	Жол км
Жолдың екiншi бөлiгiндегi қозғалысы			
Жаяу	1. 5	$x/2 * 5$	1. $x/2$
Машинамен	2. 30	$x/2 * 30$	2. $x/2$

Теңдеуi:

$$\frac{x}{10} - \frac{x}{60} = 3$$

Теңдеу құруда нелiктен жолдың екiншi бөлiгiн жүрiп өтудi қарастырғанымызды оқушыларға түсiндiру керек.

Оқушылар алдымен қандай да бір сан өрнектің мәнін есептеп табуды, теңбе-теңдікті дәлелдеуді, теңдеуді шешуді үйренеді. Белгілі бір типтегі теңдеулерді шешуді меңгерген соң сол типтегі теңдеулерге келтіретін мазмұнды есептерді шығаруды құарастырады. Мұғалімнің теңбе-теңдікті кері жүріспен теңдеуге қалай айналдыруға, сонан соң теңдеуді пайдаланып мазмұнды есепті қалай қарастыруға болатындығын көрсетуі оқушылардың ой-өрісін дамытуға көмектеседі.

Оқушылардың мазмұнды есеп шығару білігін қалыптастыру үшін үнемі оқушылардың таным білігі мен есеп шығаруда есеп шығарудың сабақтастығына үнемі көңіл бөлініп отыруы қажет деп ойлаймын.

### **Әдебиеттер**

1. Жұлдегерлік жүз есеп/ Нұрсұлтанов Қ.Н, Нақышбекова Қ.М. – Алматы.: Таймас, 2009.– 104 б.
2. Математика Қазақстан мектептерінде № 3 (27), 2010ж. – 28б. № 4 (28), 2010ж. – 36 б.
3. Текстілі есептер және оларды шығару жолдары/ Бұтабаева Т. ИФМ, №4, 2000ж. – 28 б.
4. Арифметический способ решения текстовых задач / Муравин Г., Муравин Москва.: 1987. 105 стр.

### **ТЕКСТОВЫЕ ЗАДАЧИ ПО МАТЕМАТИКЕ**

О.М Жолымбаев, А.Т.Жангалиева

*В статье предусмотрены обучение учащихся методике задач по математике . особое внимание уделено вопросам обучения, углублять свои знания, кругозора учащихся, повышения, развитие творческих способностей, приобщение уметь применять полученные знания на практике, научной литературы.*

*В том числе школьный курс математики, одной из менее очевидных тем является алгоритм решения задач путем создания уравнения. Решения представлены своевременно и написаны более понятным образом. Я считаю, что предлагаемая статья будет использоваться в качестве методологии для школьников.*

**Ключевые слова:** ученик, школа, педагогика, творчество

### **TEXT PROBLEMS IN MATHEMATICS**

O.M. Zholymbaev, A.T. Zhungalyeva

*There is the предусмотрены educating of students to methodology of tasks on physics in the article. the special attention is spared to the questions of educating, to deepen the knowledge, of range of interests of students, increases, developing creative flairs, attaching able to apply gain knowledge in practice, scientific literature.*

*In the first part of the course of mathematics, one of the most obvious aspects of the problem solves the problem of solving the problem. I assume that the content content will be used in the training methodology in order to obtain content. Learn how to calibrate the balance with a return, and then change, because the content can be evaluated using a combination, helping to cope with the target*

**Key words:** pupil, school, pedagogy, freedom

**С.В. Багинская<sup>1</sup>, О.Г. Беленко<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа № 40»  
ГУ «Отдел образования г Семей ВКО»

<sup>2</sup>Государственный университет имени Шакарима города Семей

## **ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО – КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ДЕТЕЙ КЛАССА ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ**

**Аннотация:** В статье раскрывается компетентностный подход в образовании, излагается точка зрения как отечественных, так и зарубежных педагогов. Выделяются основные понятия, связанные с данной темой, раскрываются виды компетенций и компетентностей. Опираясь на инструктивно-методические письма и методические пособия выделяются основные компетенции, которые должны развиваться и формироваться у детей в условиях современной школы Казахстана.

Автор данной статьи очерчивает круг проблем, которые возникают на современном этапе обучения и воспитания детей класса предшкольной подготовки и описывает личный опыт формирования социально-коммуникативных компетенций у детей в процессе групповой работы на занятиях и в ходе воспитательной работы. Дается краткое описание применения групповых форм и методов на воспитательных мероприятиях и занятиях по естествознанию, основах грамоты, творческих занятиях, приводятся примеры с заданиями для выполнения детьми в группах. В конце статьи сделан вывод о результативности и значении применения такого рода методов и приемов для развития социально- коммуникативных компетенций дошкольников.

**Ключевые слова:** компетенция, компетентность, ключевые компетенции, социально-коммуникативные компетенции, дошкольники, предшкольная подготовка, групповые формы и методы работы

Компетентностный подход в образовании интенсивно разрабатывается в течение последних десятилетий. Известно, что основоположником этого подхода является Д.Равен. Основные идеи компетентностного подхода развивали в своих работах Р.Кениг, Р.Хинш, У.Пфингстен, Р.Уайт, И.Д.Фрумин, И.А.Зимняя, А.Г.Каспржак, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Н.Куницина, Г.Э.Белицкая, Л.И.Берестова, В.И.Байденко, А.В.Хуторской, Н.А.Гришанова и другие [5].

Изучая данную проблему, следует разграничивать такие понятия как компетенция и компетентность.

Компетенция(от лат. «competeo» – добиваюсь, соответствую, подхожу) – это знание, опыт, умение по кругу вопросов в которых кто-либо хорошо осведомлен).

Компетенция – базовое качество индивидуума, включающее в себя совокупность взаимосвязанных качеств личности, включающее в себя применение знаний, умений и навыков в качественно-продуктивной деятельности.

Компетентность – наличие знаний и опыта, необходимых для эффективной деятельности в заданной предметной области.

Компетентность – это способность к решению жизненных и профессиональных задач в той или иной области. Таким образом, компетенция проявляется в деятельности [1; 4; 6; 12].

С позиций компетентностного подхода основным непосредственным результатом образовательной деятельности в настоящее время становится формирование ключевых компетентностей.

В документах ЮНЕСКО 1996 года был впервые очерчен круг компетенций, которые должны рассматриваться всеми как желаемый результат образования.

В докладе международной комиссии по образованию для XXI века «Образование: сокровище сокровище» Жак Делор, сформулировал – четыре столпа, на которых основывается образование: научиться познавать; научиться делать; научиться жить вместе; научиться жить.

В.Хутмахер привел принятое Советом Европы определение пяти ключевых компетенций, которыми «должны быть оснащены молодые европейцы»:

- политические и социальные компетенции;
- компетенции, связанные с жизнью в многокультурном обществе;
- компетенции, относящиеся к владению устной и письменной коммуникацией;
- компетенции, связанные с возрастанием информатизации общества;
- способность учиться на протяжении жизни [3].

Очевидно, что ключевые компетенции суть самое общее и широкое определение адекватного проявления социальной жизни человека в современном обществе.

В исследованиях под руководством И.А.Зимней предпринята попытка упорядочить трактовку компетентностей, и в структуре ключевых компетентностей автором представлены:

- компетентность в сфере самостоятельной познавательной деятельности,
- компетентность в сфере гражданско-общественной деятельности,
- компетентность в сфере социально-трудовой деятельности,
- компетентность в бытовой сфере,
- компетентность в сфере культурно-досуговой деятельности.

На основании этой структуры было определено, что если компетенции – это некоторые внутренние, потенциальные, сокрытые психологические новообразования: знания, представления, программы (алгоритмы) действий, системы ценностей и отношений, которые затем выявляются в компетентностях человека, то можно очертить круг этих основных компетенций:

1. Компетенции, относящиеся к самому человеку как личности, субъекту деятельности, общения;
2. Компетенции, относящиеся к социальному взаимодействию человека и социальной сферы
3. Компетенции, относящиеся к деятельности человека [2].

В настоящее время существует множество классификаций компетенций:

1. Ключевые компетенции;
2. По видам деятельности;
3. По сферам общественной жизни;
4. В отраслях общественных знаний;
5. В отраслях общественного производства;
6. По составляющим психологической сферы;
7. В областях способностей;
8. В областях по ступеням социального развития и статуса [7].

Формирование компетенций имеет свою иерархию:

- ключевые компетенции – относятся к общему (мета-предметному) содержанию образования;
- общепредметные компетенции – относятся к определенному кругу учебных предметов и образовательных областей;
- предметные компетенции – частные по отношению к двум предыдущим уровням компетенции, имеющие конкретное описание и возможность формирования в рамках учебных предметов [10].

В сфере образования выделяется набор ключевых компетенций:

- учебно-познавательная компетенция;
- предметная компетенция;
- ценностно-смысловая компетенция;
- общекультурная компетенция;
- информационная компетенция;
- коммуникативная компетенция;
- социально-трудовая компетенция;
- личностная [8; 9].

Особое значение сегодня придается проблеме формирования социальных компетентностей, которые понимаются как индивидуальный комплекс качеств характера, знаний, умений, навыков и социально-психологических характеристик, определяющий уровень взаимоотношений индивида и социума и позволяющий ему принять единственно

верное решение в разных жизненных ситуациях. Социальные компетенции очень тесно связаны с коммуникативными компетенциями. Если социальная компетенция рассматривается как, способность действовать в социуме с учётом позиций других людей, то коммуникативная – способность вступать в коммуникацию с целью быть понятым.

Социальная компетентность включает:

- сотрудничество, работа в команде, коммуникативные навыки;
- способность принимать собственные решения, стремиться к осознанию собственных потребностей и целей;
- социальная целостность, умение определить личностную роль в обществе;
- развитие личностных качеств, саморегулирование [10].

Коммуникативная компетенция – включает знание необходимых языков, способов взаимодействия с окружающими и удалёнными людьми и событиями, предусматривает навыки работы в группе и в коллективе [8; 9].

Социальная компетенция более широкое понятие, но она не может быть развита без коммуникативной компетенции, в то же время коммуникативная компетенция не может развиваться вне социальной. Как социальная, так и коммуникативная компетенции не могут формироваться вне социума, без взаимодействия человека с человеком.

И.А. Зимняя выделила компетенции, относящиеся к социальному взаимодействию человека и социальной сферы:

➤ компетенции социального взаимодействия: с обществом, общностью, коллективом, семьей, друзьями, партнерами, конфликты и их погашение, сотрудничество, толерантность, уважение и принятие другого (раса, национальность, религия, статус, роль, пол), социальная мобильность;

➤ компетенции в общении: устном, письменном, диалог, монолог, порождение и восприятие текста; знание и соблюдение традиций, ритуала, этикета; кросскультурное общение; деловая переписка; делопроизводство, бизнес-язык; иноязычное общение, коммуникативные задачи, воздействие на реципиента [2].

Изучая данный вопрос, были рассмотрены и компетенции принятые в современных Нидерландах (4-12 лет), и отмечены следующие:

1. Умение считаться с другими:

- формировать суждения и планировать действия с учетом интересов других;
- задать вопрос, договориться со сверстником о встрече, обратиться за помощью, не мешать другому (4-6 лет);
- планировать свои действия с учетом интересов других, умение советоваться (6-8);
- иметь свое мнение, формировать суждения с учетом мнений других, поддерживать отношения (8-10 лет);
- считаться с другими, адекватно реагировать на других (10-12 лет).

2. Дружба – установление и поддержание дружеских контактов со сверстниками:

- находить друга (друзей) среди детей своего и противоположного пола (4-6 лет);
- поддерживать дружеские отношения, уметь дружить, считаться с мнением другого, уметь делиться с другим, сочувствовать другому (6-8 лет);
- самостоятельно разрешать конфликты, иметь постоянного «лучшего» друга (8-10);
- поддерживать дружбу, уметь дружить с девочками и мальчиками (10-12 лет) [11].

Формирование компетентностей учеников обусловлено реализацией не только обновленного содержания образования, но и адекватных методов и технологий обучения.

Компетенции “закладываются” в образовательный процесс посредством:

1. Технологий;
2. Содержания образования;
3. Стиля жизни общеобразовательного учреждения;
4. Типа взаимодействия между преподавателями и обучающимися и между обучающимися [10].

В настоящее время, формирование коммуникативной компетенции детей класса дошкольной подготовки сопровождается рядом трудностей. Дело в том, что дети 5-6 лет относятся к категории детей дошкольного возраста, а в этом возрасте основным видом деятельности выступает игра: сюжетно-ролевая, дидактическая, подвижная. Именно в игре ребенок развивается наиболее полноценно. В игре происходит развитие и формирование психических познавательных процессов, нравственных качеств личности и конечно же

коммуникативных навыков, то есть все компетенции ребенка дошкольного возраста развиваются в игре. В сюжетно-ролевой игре ребенок усваивает социальные роли, учится общению, умению договариваться, решать конфликты, выполняет требования и правила игры.

Ребенок класса предшкольной подготовки лишен возможности играть, он уже практически ученик, вся его деятельность связана с учебой, а большее количество времени он проводит за партой. Их новая, зарождающаяся деятельность ограничена временным пребыванием в школе и только учебными занятиями. Для сюжетно-ролевых игр нет места и атрибутов. Пришедшие в класс предшкольной подготовки дети не умеют общаться, договариваться, налаживать взаимоотношения, слушать и слышать других детей и воспитателя.

Кроме того, если раньше дети приходили из групп ДМЦ (детских мини центров), они уже один – два года находились вместе, знали друг друга, умели общаться, могли занять себя, решали сложные для них ситуации самостоятельно. Девочки были более инициативны и активны, они сразу брали шефство над мальчиками на уроках, помогали им. Сейчас в класс предшкольной подготовки приходят дети из разных дошкольных организаций, большинство – дети домашние. В связи с этим возникают огромные проблемы во взаимодействии детей:

- нет навыков общения: дети дерутся, ругаются;
- не умеют договариваться, обсуждать;
- не помогают друг другу;
- не могут найти выход из конфликтной ситуации, сами провоцируют возникновение конфликтной ситуации;
- не прислушиваются и не выполняют правила, а иногда и сознательно нарушают их.

Для ликвидации данных пробелов и формирования социально – коммуникативной компетенции я выбрала групповую форму организации, как внеклассных мероприятий, так и учебных занятий.

Детям дошкольного возраста очень сложно принять данную форму работы, поэтому на начальных этапах я организую на физкультурных занятиях спортивные состязания и эстафеты. Дети учатся объединяться в команду, выражать единые эмоции, болеть друг за друга. Использую групповую форму работы и на развлекательно-познавательных мероприятиях (например: Золотая осень). Объединяю детей в команды, каждой команде дается название: «Дубок; Осинка; Кленок; Березка», рассаживаю детей за отдельные столы. Постоянно провожу беседы о взаимоподдержке, взаимовыручке, совместной работе, ответственности за общее дело. На самом мероприятии дети от команд отвечают на вопросы, отгадывают загадки, принимают участие в подвижных конкурсах и т.д. Дети еще не могут договариваться, обсуждать вопросы. Каждый ребенок пытается быстрее других высказать свой ответ, своё мнение. Но они уже начинают вести себя сплоченно, как команда, переживают за свою группу и искренне радуются, если заработанный балл присуждается их группе.

Следующим этапом моей работы является внедрение групповых методов работы на занятиях. Такие методы и приемы я использую на занятиях по естествознанию, основам грамоты, на творческих занятиях, когда дети изготавливают совместные поделки и пр.. Поводы для объединения детей в команды и названия команд – разные: это и «Юные исследователи» и «Органы чувств» и «Автобусные остановки» и «Растения» и т.д.. Но самое главное, что дети имеют возможность общаться в своих подгруппах.

На занятиях по естествознанию, с целью изучения свойств воды и воздуха, я провожу опыты. Для наилучшего восприятия и выполнения совместных действий, объединяю и рассаживаю детей группами. Дети договариваются между собой и один из них надувает шарик, другой дует в воду через трубочку, третий размешивает в воде сахар и т.д.. Пристальное внимание уделяю тому, чтобы дети умели договариваться, выбирать – кто будет выполнять то или иное действие, и были задействованы все дошкольники.

На занятии по теме «Органы чувств», так же рассаживаю детей по подгруппам, каждой подгруппе даю свое задание: выбираю один орган чувств (нос, глаза, уши); дети должны рассказать внутри группы, что они знают об этом органе: где он расположен, как выглядит, для чего нам необходим, есть ли такие органы у других живых существ и т.д..

Дети рассказывают, далее выбирают одного представителя от своей группы, который должен дать полный и подробный ответ.

По основам грамоты провожу групповые занятия на закрепление ранее пройденного материала и освоение нового. В данном случае с моей стороны идет большая подготовка: я готовлю раздаточный материал для групповой работы. Например: для выделения звука в слове готовлю большое количество маленьких картинок, дети должны выбрать ту картинку, где есть необходимый звук, и наклеить её на общий лист. Разбирать слова и делать звуковой анализ, прописывать букву, дети тоже должны на ранее приготовленных плакатах.

Не всегда занятие проходит и достигает нужного результата. На первых занятиях с использованием групповой формы, дети стараются сделать всё в одиночку, ссорятся, ругаются. Постепенно дети учатся выполнять совместные задания, высказывать свое мнение, выслушивать товарища, выбирать нужный вариант ответа. Дети учатся договариваться, делить обязанности, кто, что будет выполнять. И если вначале такие занятия дети воспринимают как развлечение, то постепенно групповые формы работы начинают привлекать детей, вызывать интерес к происходящему, делать их активными участниками учебного процесса.

### Литература

1. Википедия [Электрон. Ресурс].- <https://ru.wikipedia.org/wiki> (дата обращения: 12.11.2017)
2. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании. Москва [Электрон. Ресурс]. – 2004. – <http://fgosvo.ru/uploadfiles/npo/20120325214132.pdf> (дата обращения: 10.12.2017)
3. Из доклада международной комиссии по образованию для XXI века «Образование: сокрытое сокровище» [Электрон. Ресурс]. – <http://900igr.net/prezentatsii/pedagogika/kompetentsii-v-obrazovanii/013-Tseli-obrazovaniya-XXI-veka-sformulirovannyye-Zhakom-Delorom.html> (дата обращения: 12.11.2017)
4. Интернет библиотека Microscope.kz [Электрон. Ресурс]. – <http://microclub.kz/library/glossary/12/1/56> (дата обращения: 12.11.2017)
5. Качество преподавания, методы оценивания и методы формирования компетенций [Электрон. Ресурс]. – [http://nbisu.moy.su/\\_ld/28/2842\\_ISUMALCEVA2014-.pdf](http://nbisu.moy.su/_ld/28/2842_ISUMALCEVA2014-.pdf) (дата обращения: 12.11.2017)
6. Компетентность и компетенция: отличия в образовании [Электрон. Ресурс]. – <http://fb.ru/article/261851/chem-otlichaetsya-kompetentnost-ot-kompetentsii-kompetentnost-i-kompetentsiya-otlichya-v-obrazovanii> (дата обращения: 12.11.2017)
7. Компетентности учащихся [Электрон. Ресурс]. – <http://center-yf.ru/data/Kadroviku/kompetentnosti-uchashchihnya.php> (дата обращения: 10.12.2017)
8. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах республики Казахстан в 2016-2017 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. Астана [Электрон. Ресурс]. – 2016. – [http://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=39432029](http://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=39432029) (дата обращения: 10.12.2017)
9. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах республики Казахстан в 2017-2018 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. Астана [Электрон. Ресурс]. – 2017. – <http://5.ai.kz/wp-content/uploads/2017/02/> (дата обращения: 10.12.2017)
10. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. Астана [Электрон. Ресурс]. – 2013. – <https://yandex.kz/clck/jsreidir> (дата обращения: 10.12.2017)
11. Система образования Голландии [Электрон. Ресурс]. – <http://mirznanii.com/a/175838/sistema-obrazovaniya-gollandii> (дата обращения: 10.12.2017).
12. Словари и энциклопедии на Академике [Электрон. Ресурс]. – [https://dic.academic.ru/dic.nsf/ita\\_rus/137389/competere](https://dic.academic.ru/dic.nsf/ita_rus/137389/competere) (дата обращения: 12.11.2017)

## МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С.В. Багинская, О.Г. Беленко

Мақалада білім беру саласындағы құзыреттіліктің тәсілі кеңінен ашылған, отандық, сонымен қатар шетелдік педагогтардың көзқарастары баяндалған. Аталған тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдар, құзыреттілік пен құзыреттің түрлері көрсетілген. Нұсқаулық-әдістемелік хаттар мен әдістемелік көмекші құралдарға сүйене отырып, Қазақстандағы заманауи мектептердің талаптары бойынша бала бойында дамытылатын және қалыптастырылатын негізгі құзыреттер айқындалған.

Мақала авторы мектепалды даярлық сыныптарындағы балаларды оқыту және тәрбиелеу бойынша қазіргі кезеңде туындайтын проблемалар шеңберін суреттей келе, сабақ пен тәрбиелеу жұмыстары барысындағы топтық жұмыс істеу процесінде өзінің жеке тәжірибесіне тоқталып өткен. Жаратылыстану, сауаттандыру негіздері мен шығармашылық сабақтарында, тәрбиелік іс-шаралар кезінде топтық формалар мен әдістемелердің қолданылуы жайында қысқаша бейнеленген, топқа бөлінген балалармен тапсырманы орындау бойынша мысалдар келтірілген. Мақаланың соңында мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін беріліп отырған амал-тәсілдерді қолданудың нәтижелілігі мен маңыздылығы жөнінде қорытынды шығарылған.

**Түйін сөздер:** құзірет, құзіреттілік, негізгі құзіреттілік, әлеуметтік және коммуникативті құзіреттілік, мектеп жасына дейінгі балалар, мектепке дейінгі дайындық, топтық формалар және жұмыс әдісі

### FORMATION OF SOCIAL AND COMMUNICATIVE COMPETENCE PRESCHOOL CHILDREN

S.V. Baginskaya, O.G. Belenko

*The article reveals the competence approach in education, sets forth the point of view of both domestic and foreign teachers. The basic concepts associated with this topic are singled out, types of competences and competences are revealed. Relying on instructive and methodological letters and methodological manuals, the main competences that should be developed and formed in children in the conditions of the modern school of Kazakhstan are highlighted.*

*The author of this article outlines the range of problems that arise in the current stage of education and upbringing of children in the class of preschool preparation and describes personal experience in the formation of social and communicative competencies in children in the process of group work in class and during educational work. A short description of the application of group forms and methods to educational activities and classes in natural science, the basics of reading and writing, creative studies, and examples of assignments for children in groups are given. At the end of the article, a conclusion was made about the effectiveness and significance of the application of such methods and techniques for the development of socially communicative competences of preschool children.*

**Key words:** competence, competence, key competences, social and communicative competences, preschool children, preschool preparation, group forms and methods of work.

FTAXP: 16.21.63

**А.Е.Еркінова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

### ЖАЛПЫТҮРКІЛІК СӨЗДІК ҚОРДЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақ тілінің сөздік қоры жалпы түркілік қабаттан бастау алатындығы қарастырылады. Жалпы, түркі тілдерінің тілдік құрылымы бірдей, сондай-ақ негізгі сөздік қорлары да біршама ортақ екендігі баяндалады. Олардың тілдік құрылымы мен негізгі сөздік қорлары бір-біріне қаншалықты жақын болғанымен,



әрқайсысының дыбыстық жүйесінде тарихи түрлі жағдайларға байланысты қалыптасқан өзіндік айырмашылықтары да қарастырылады.

Сондай-ақ, мақалада қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы бір буынды сөздер мен олардың негізінде сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туынды бірліктерден тұратындығы да сөз болады. Жалпытүркілік қабаттардың түбір және тарихи сөздерден тұратындығы сөз болады. Мұнда лингвистикалық тұрғыдан түркі тілдерінің базалық лексикасы, негізінен, туыстық атаулар, дене мүше атаулары, хайуанат атаулары, табиғат атаулары қыпшақ архетипінен бастау алатындығы жайлы айтылады.

**Түйін сөздер:** түркітану, жалпытүркілік, архетип, этногенезис, этимология

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болғаннан бері қазақ әдеби тілін туысқан түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, қазақ тілі тарихының тереңіне барынша бойлау бұрынғыдан гөрі қарқын ала бастады. Қазақ тілінің даму тарихын нақтылау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерінің тіліне, көне жазба ескерткіштер тіліне, одан бергі замандардағы, яғни орта ғасырдағы жазба мұралар тіліне көптеген зерттеулер жүргізіліп, ата-бабадан қалған мәдени-әдеби рухани мұраларды ұлттық құндылықтар ретінде зерттеп-зерделеуге ерекше мән берілді.

Тіл – тарихи категория. Ол өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша өрбиді, дамиды, жетіледі. Әрбір заман-дәуірде өз халқының өмірімен бірге өседі, онымен біте қайнасып, бірге күн кешеді. Ел басынан өткен өзгерістер таңба басқандай болып онда жазылып қалады. Тіл – халықтың тарихы, халық – тілдің анасы деп сол себептен айтылған. Дегенмен тілдің ішкі даму заңымен қатар, сыртқы сан алуан себептердің де тілге тигізер әсерін жоққа шығаруға болмайды. Түрлі сыртқы себептердің ықпалынан ұзақ уақыт өте келе, кез келген тіл өзгеріске ұшырайды. Сондай-ақ туысқан тілдердің өзара жақындығы да мүлдем байқалмайтындай дәрежеге жетіп, бір-бірінен біртіндеп алшақтайды.

Түркі тілдерінде олардың даму үдерісіндегі тарихи кезеңдерін белгілі бір дәрежеде көрсететін көптеген көне элементтер сақталған. Бұл элементтер көнетүркі заманынан бастау алады, оларды сол кезеңдерден бізге жеткен жазба ескерткіштерден кезіктіруге болады. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады [1, 24]. Көнетүркі жазба ескерткіштерінің материалдарымен қазіргі қазақ тілін салыстыра зерттеу арқылы тілімізде сақталған көне сөздердің фонетикалық көне келбетін, құрылысын анықтауға жол аша отырып, семантикалық дамуын анықтай аламыз.

Бүгінде Э.В. Севортян, А.М. Щербак, Э.Р. Тенищев, Э.И. Фазылов, А.К. Боровков, Э. Наджив, Б.А. Серебренников, А.А. Юлдашев, А. Батманов, К. Юдахин, Ә.Т. Қайдаров, К. Мусаев, Н.К. Дмитриев, А. Зайончковский, А.Н. Кононов, В.Г. Егоров, Н.З. Гаджиева, Ғ. Айдаров, А. Ибатов, Ә. Құрышжанов, К. Махмудов, Е.И. Убрятова, Дж. Киекбаев, Б. Орузбаева т.б. түрколог ғалымдардың түркі тілдеріне ортақ лексикалық қорды анықтауға, жалпытүркілік сөздердің фонетикалық, лексика-семантикалық, стильдік ерекшеліктерін айқындауға бағытталған, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасын зерттеуге арналған фундаментальді еңбектері түркітану ғылымының, сонымен қатар жекелеген түркі тілдерінің әрқайсысының тарихи фонетика, тарихи лексикология, тарихи грамматика, этимология сияқты салаларының теориялық - методологиялық негізін құрайды.

Сондай-ақ түркі тілдеріне ортақ лексиканы зерттеуде, түркілік сөздік құрамды анықтауда “Древне-тюркский словарь”, В.В. Радловтың “Опыт словаря тюркских наречий”, Л. Будаговтың “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий”, Э.К. Пекарскийдің “Словарь якутского языка”, Э.В. Севертянның “Этимологический словарь тюркских языков” деп аталатын сөздіктердің қызметі, алатын орны ерекше.

Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпы түркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғанының куәсі. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи-лингвистикалық заңдылық. Сондықтан көне түркі елінің ортақ

әдеби тіліне арқау болған тайпа тілін немесе диалектісін анықтау көне жазба мұралар тілін қазіргі түркі тілдерімен бірден жеке-дара салыстыру негізінде емес, сол дәуірлерде өмір сүріп, Түркі қағанатының құрамында болған көне тайпаларға тікелей қатысы бар қазіргі түркі тілдерінің макротоптарын құрайтын бірнеше тілдер деректері негізінде қарастырса нәтижелі болмақ. «Ескерткіш тілін зерттеудің көп жолының тиімді де нәтижелі бір жолы – ол түбі бір түркі тілінің түбіріне тереңірек үңілу» [2, 297], Орхон-Енисей, Талас көне түркі жазбаларының тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау аталған тілдердің дыбыстық жүйесін, морфологиялық құрылысы мен семантикалық құрылымын тереңірек тани түсуге жол ашады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қаншалықты бай болса, оның жалпы түркілік негізі де соншалықты шұрайлы деуге болады. Қазақ халқының жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін өзге бауырлары- басқа да түркі халықтарымен бірге өсіп, біте қайнасқаны тарихтан белгілі. Сондықтан да қазақ тілінің сөздік қоры жалпы түркілік қабаттан өрістейді. Оның негізі, сөздік құрамы, фонологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады [3, 88 б.].

Қазақ тілі сөздік құрамы өте бай, тілдік құрылымы барынша жетілген, қоғамдық-әлеуметтік қызметі жіктеліп айқындалған тіл болып саналады. 2012 жылы жарық көрген 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде 150 мыңнан астам сөз бен сөз тіркесі тіркелсе, осы сөздіктің сығымдалған нұсқасы «Қазақ сөздігінің» мәліметіне сүйенсек, оның сөздік құрамында 106 мың лексикалық бірлік бар екен [4, 22 б.].

Қазақ тілінің сөздік құрамының негізгі ұйтқысы, қайнар көзі, ең маңызды бөлігі – негізгі сөздік қор десек, оның негізін жалпытүркілік лексика мен қазақтың байырғы төл сөздері құрайды. Түркі тілдеріне ортақ сөздік қорды құраушы жалпытүркілік сөздер әрбір түркі тілі лексикасының ең көне қабатына жататындықтан, олардың әрқайсысының негізгі сөздік қорының ұйытқысы болып саналады.

Түркі тілдеріне ортақ сөздерге бір кездегі жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күні түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады. Сондықтан олар жалпытүркілік сөздер деп те аталады [5, 133]. Жалпытүркілік сөздерден түркі тілдерінің туыстығын, бір тектен шыққандығын көреміз.

Жалпытүркілік қабат түркі тілдерінің жалпыалтайлық қабаты және әр түркі тілдерінің байырғы төл лексикасы арасын жалғастырушы «көпір» қызметін атқара отырып, қоғамның сан алуан саласында болып жатқан өзгерістерге байланысты туындайтын жаңа сөздерге тұғыр болады. Лингвистикалық тұрғыдан қыпшақ архетипінен бастау алатын түркі тілдерінің базалық лексикасы ортақ екенін төмендегі тақырыптық топтар дәлел болады. Олар:

Туыстық атаулар: инә (тат); ана (башқұр); әне (құмық); anne (түрік); ул (тат); ул (башқұр); олан (құмық); oğlu (түрік); Дене мүше атаулары: колак (тат); қолақ (башқұр); кулак (құмықша); kulak (түрікше); авыз (тат); ауыз (башқұр); ауз (құмықша); ağız (түрікше);

Хайуанат атаулары: тәбә (тат); төве (башқұр); төвө (құмықша); deve (түрікше); тавуқ (тат); тауық (башқұр); тавуқ (құмықша); tavuk (түрікше); Табиғат атаулары: ағач (тат); ағас (башқұр); йығач (құмықша); ağaç (түрікше); йолдыз (тат); йондоз (башқұр); юлдуз (құмықша);

Түркі тілдерінің сөздік қоры мен сөздік құрамының 70-80 пайызын қамтитын ортақ базалық лексикасының бұдан да басқа тақырыптық топтарының мол екенін бір мақала аясында қамту мүмкін емес.

Бір ғана қазақ тіліндегі туыстық атаулардың өзге түркі тілдеріндегі туыстық атаулар жүйесіндегі орнын анықтап, ортақтықтары мен айырмашылықтарын айқындап алу үшін оларды тарихи аспектіден қарастырған жөн. Сондықтан да салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу барысында түркітануда бұған дейін жазылған еңбектердің нәтижелері мен деректерін пайдаланамыз. Олар: Л. Покровскаяның түркі тілдеріндегі туыстық терминдерін тарихи лексикологиялық тұрғыдан зерттеген еңбегі [6], Ц. Номинхановтың түркі-моңғол тілдеріндегі туыстық терминдерін қарастыратын мақаласы [7], В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, Л. Будагов сөздігіндегі [8-10], өзге де тарихи, этимологиялық сөздіктердегі, түркі халықтарының сөздіктеріндегі материалдар.

Түркілік туыстық жүйесінің ерекшеліктері Н.П. Дыренкованың «Брак, термины родства и психические запреты у кыргызов» атты мақаласында өте-мөте толық сипатталған [11, 25], Мақала қырғыз тілінің туыстық атауларын ғана зерттеу мақсатында жазылғанмен, сол себепті қырғыз ұлтына қатысты атауларды мол қамтығанмен, сипатталып отырған туыстық жүйесінде өзге де көптеген түркі халықтарының туыстық жүйесінің ұқсастықтары салыстырылып отырады. Біз олардың кейбіріне тоқталайық. Мысалы, Аке термині екенің

барлық ағаларына, туған-туыстарына, немере ағаларына, бәріне қатысты айтылады. Ал сіңлі сөзі туысқандық жағынан жасы кіші апа-сіңліні атауға қолданылады. Әке жағынан болатын туыстық терминдерінде жас шамасы бойынша айырым белгілер қатаң сақталады. Мәселен, айтушының жасынан үлкен – апалар, одан кіші – қарындастар. Ана жағынан болатын туыстықта, керісінше, жас үлкендігі бойынша ажырату деген жоқ. Бірақ бұл атауларда ұрпақ жағынан үлкен, кішілік қатаң қадағаланады. Әкелік жақтан бұл (ұрпақ жағынан болатын үлкен-кішілік) ескерілмейді.

Мәселен, әке жағынан туыстықта, әкенің ағасы/інісі жасы жағынан кіші болса, соңғыны – аға дейді, өзін іні санайды. Ана жағынан болатын аға/іні үшін жасқа қарамай бір-ақ сөз қолданылады.

Туыстықтың түрлі дәрежесінде тұрған адамдар тобы үшін бір сөзді қолдану; терминдерді үлкен-кішілік, жыныстық ерекшелік бойынша ажырату; терминологияда әке жағынан туыстық пен шеше жағынан туыстық терминдерін айыру, т.б. Бұлар – түркі халықтарындағы туыстықтың жіктелуіне тән негізгі сипаттамалық белгілер.

Жалпы, түркі тілдері тобындағы тілдердің тілдік құрылымы (грамматикасы) бірдей. Негізгі сөздік қорлары да біршама ортақ. Олардың тілдік құрылымы мен негізгі сөздік қорлары бір-біріне қаншалықты жақын болғанымен, әрқайсысының дыбыстық жүйесінде тарихи түрлі жағдайларға байланысты қалыптасқан өзіндік айырмашылықтар бар. Сол себептен түркі тілдері тобына жататын тілдердің бәріне ортақ болып келетін көптеген сөздер әрқайсысында дыбысталу жағынан бір-бірінен бөлектеніп, ерекшеленіп тұрады.

Енді осы мәселеге тоқталайық. Қазіргі түркі тілдері өздерінің лексикалық құрамында, грамматикалық құрылысында жалпы түркілік тектестігін сақтай отырса да, фонетикалық өзгерістерге ұшырағандығы анық сезіледі. Сол фонетикалық құбылыстар арқылы түркі тілдерінің бірі екіншісінен ажыратылады. Түркі тілдерін топтастырғанда, олардың жақындық немесе қашықтық дәрежесін анықтауда, тілдегі фонетикалық құбылыстар есепке алынады. Дыбыстар сөз жасаудағы негізгі элемент болып қоймай, сол тілдегі бір сөзді екінші сөзден, генетикалық байланысты бір тілді екінші тілден ажырату үшін де қызмет атқарады.

Қазіргі түркі тілдеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың саны да, сапасы да көне ескерткіштер тілімен салыстырғанда ерекшеленетіні белгілі. Себебі өзгеріс тілдің даму, қалыптасу кезеңдеріне байланысты көрініп, дыбыстық алмасу, сөздің басы, ортасы, соңына қатысты дыбыстардың қолданылуынан да көрінеді. Сондай айырмашылықтардың бір тобы көне түркілік й, ш, ч дыбыстарымен байланысты болып келеді. Бұл дыбыстардың даму, қалыптасуына қатысты көне тіл мен қазақ тілі немесе қазақ тілі мен басқа түркі тілдері арасында көзге түсер айырмашылықтар бар. Н.А.Баскаков та қыпшақ-ноғай топшасының басқа қыпшақ тілдерімен ерекшеленетін көрініс ретінде де осыны айтады. Басқа түркі тілдеріне қарағанда, қазақ тіліндегі ж-ның өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ тілінің қыпшақ-ноғай тобына жататын басқа тілдерден фонетикалық ерекшеліктерінің бірі ретінде Н.А.Баскаков: «Преимущественное употребление ж в начале слов из чередующихся й/ж/ж, например: «жол» (вместо йол или жол в каракалпакском и ногайском языках) — «дорога» и т.д.» — дейді [12, 24].

Қорыта айтқанда, түркі халықтарының жүріп өткен жолынан, бірнеше кезеңдерге қатысты жазба ескерткіштерінен және бүгінгі жеке тілдердегі өзіндік ерекшеліктерінен де тілдік деректерге тән өзгешеліктерді көруге болады. Түбі бір түркі тілі болғанымен, кей халықтар бірлікте өмір сүрсе, кей халықтар басқа топтағы тілдермен көп араласты, бөтен тілден енген сөздердің қатары мол болды. Дегенмен де сол тілдердің туыстығын дәлелдейтін, тарихын көрсетіп, тілдің ортақтығын көрсете алатын сөздер көптеп саналады.

Бүгінгі жаһандану заманындағы қолданысқа толассыз еніп жатқан жаңа ұғымдар мен заттарға түркі тілдері жүйесінде атау беруде ортақ бірізділік жоқ. Сөзжасам саласы бойынша жаңа атаулардың (неологизмдер) жасалуында үстем тілдердің тілдік байланысының рөлі күшті болып отыр. Мәселен, тәуелсіздік тұсында пайда болған көптеген жаңа атауларды қазақ тілінде аударып төл сөздік қорымызда байытуға өзіндік үлес қоссақ, татар, башқұрт тілдерінде неологизмдерді аудармай, орыс тіліндегі нұсқасымен беруі дәстүрге айналып бара жатқан сияқты. Егер түркі тілдері жаңа заманға байланысты сырттан келген неологизмдерді өзге тілдердің ықпалымен аудармай қабылдай берсе, 100 жылдан кейін біздің туыстас тілдердің ежелден қалыптасқан базалық лексикасынан басқа сөздік қорында алшақтық пайда болып, түркі тілдері бір-бірін түсінбейтін дәрежеге жетуі әбден мүмкін.

## Әдебиеттер

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: «Ғылым», 1997
2. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. –Алма-Ата: Наука, 1986. – 323 с.
3. Мұрат Сабыр. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004
4. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013
5. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. -256 б.
6. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010
7. Номинханов Ц.Д. Термины родства в тюрко-монгольских языках.// Вопросы истории и диалектологии казахского языка. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. Вып.1., С.42-48
8. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I-IV. – СПб., 1888-1911
9. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861
10. Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Ч.1-2. СПб., 1869
11. Дыренкова Н.П. Брак, термины родства и психические запреты у кыргызов.// «Сборник этнографических материалов», под. ред. проф. Богараза-Тана, № 2. Л., 1927, С. 7-25
12. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Высш. шк., 1969. – 383 с

## СОВРЕМЕННЫЕ ВОПРОСЫ ОБЩЕТЮРКСКОГО СЛОВАРНОГО ФОНДА

А.Е. Еркінова

*В этой статье обсуждается, как словарный фонд казахского языка уходит к тюркским исконным корням. В общем, лингвистическая структура тюркских языков одинакова, а также основные словарные фонды весьма схожи. Хотя их лингвистическая структура и словарный фонд ближе друг к другу, а также рассматриваются отличительные различия между звуковой системой и различными историческими событиями.*

*А также, в статье говорится, что словарный фонд казахского языка состоит из односложных корней и производных единиц, созданные с помощью словообразовательных методов. Общетюркская лексика состоит из корней и историзмов. В ней рассказывается, что базовая лексика тюркских языков, в частности, родственные имена, имена животных, естественные имена и т. д. основаны из архетипов Кипчака.*

**Ключевые слова:** Тюркские исследования, обобщение, архетип, этногенез, этимология

## CURRENT ISSUES OF THE TURKIC DICTIONARY FUND

A.E. Erkinova

*This article discusses how the dictionary fund of the Kazakh language goes to the Turkic ancestral roots. In general, the linguistic structure of the Turkic languages is the same, and the basic vocabulary is very similar. Although their linguistic structure and vocabulary are closer to each other, and distinctive differences between the sound system and various historical events are also considered.*

*And also, the article says that the dictionary fund of the Kazakh language consists of monosyllabic roots and derived units, created with the help of word-formation methods. Common Turkic vocabulary consists of roots and historicisms. It tells that the basic vocabulary of Turkic languages, in particular, related names, animal names, natural names, etc., are based on the Kipchak archetypes.*

**Key words:** Turkic studies, generalism, archetype, ethnogenesis, etymology

**Н.А. Кулмышева<sup>1</sup>, Қ. Сакенова<sup>1</sup>, Қ.С. Адильжанова<sup>2</sup>, А.Т. Бураханова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

<sup>2</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯҒА ТҮСІНІК**

**Аңдатпа:** Мақалада деонтология туралы түсінік қарастырылады. Педагогикалық деонтологияда оқушыға немесе әріптестеріне өзінің бақылауы мен педагогикалық іс-әрекетінің объектісі ретінде қарамауға үйретеді, олардың өзіндік рухани әлемі, өз талғамдары мен қорқулары бар жеке тұлға ретінде қабылдауды. Деонтология принципінде оқушыны елемей немесе оған тікелей айту, педагогикалық әсер етудің тиімділігін төмендетіп қана қоймайды, яғни балаға психикалық моральдық немесе физикалық денсаулығына әсер етуі мүмкін.

Педагогикада зиян тигізбе принципінің мағынасы терең, медицинадағыдан кем емес. Педагогтің сөзі, әрекеті тек білім беру мен тәрбиелік, ақпараттық ғана емес ол физиологиялық функцияларға да әсер етеді. Сондықтан педагог баланың денсаулығына зиян келтірмеу үшін педагогикалық техниканы үйреніп меңгерулері керек.

Педагогикалық деонтология педагогтың кәсіби қызметі саласында мінез-құлық ережесін және нормаларының қағидаларын әзірлейді. Бұл ережелер мен нормалар педагогикалық іс-әрекеттің шарты және өнімі, таным құрал болып табылады.

**Түйін сөздер:** Педагогикалық деонтология, эмоционалды-импровизациялық, эмоционалды-әдістемелікті, адамның парызы, дамыту.

Деонтология (гр deon – қажеттілік және logos ілім; қажеттілік туралы ілім) – этиканың парыз, жалпы қажеттілік туралы (ізгілік талаптары білдіретіннің барлығы) қарастыратын бөлімі. Терминді алғаш Бенхам жалпы ізгілік теориясын белгілеу үшін қолданған.

Деонтология – адамның парыздылыққа негізделген жүріс-тұрысы, қылықтары, әрекеттері туралы ғылым. Парыз адамға тән азаматтық борыш, қастерлі міндет. Ал, ұстаз қызметіне қатысты деонтология – педагогикалық деонтология, оның мазмұнына мұғалімнің қызметіне байланысты парыздылыққа негізделген этикалық ережелер, нормалар, ұстанымдар жиынтығы жатады. Мұнда оқушы мен педагогтың арасындағы сенімділікті қатынастың кепілі бола алатын кәсіптік этиканың қағидалары қарастырылып, педагогтың құзыреттілігі, басқа адамдарға, олардың қылықтарына шыдамды болуы, тәлім-тәрбиелік іс-әрекет барысында алынған шешімдерге моральдық жауапкершілігі көрсетіледі.

Деонтологияның философиялық сөздіктердегі анықтамасында: «Деонтология – (грек. Deon, deontos – парыз, парыздылық және logos – ілім, сөз) парыз бен парыздылықты қарастыратын этикалық теорияның тарауы», – деп аталады. Педагогикалық деонтология бүгінгі күні ғалым-педагогтардың К.М. Левитан, Н.В. Жутикова, Қ.М. Кертәева, зерттеулерінде әр қырынан қарастырылып келе жатыр. Педагогикалық әдеп пен педагогикалық деонтология жөніндегі ғалымдардың еңбегін талдау барысында төмендегідей көзқарас қалыптасты. Мысалы, К.М. Левитанның «Основы педагогической деонтологии» деген оқулығында көңіл бөлейік. Егер білім алудың негізгі мақсаты жеке тұлғаны қалыптастыруда емес, оны дамытуда болса, онда ереже бойынша оқушы жеке тұлға болып табылады және деонтологиялық талап бойынша педагог оның құқықтарын өзінің кәсіптік қызметінде есепке алуы керек.

Ғалым еңбегінде педагогикалық деонтологияның өзектілігі баланың құқықтары мен қажеттіліктері және тарихи сұраныстар, әлеуметтік тапсырыстар, сондай-ақ білім саласында болып жатқан күрделі жағдайлар арқылы негізделеді. Мысалы, онда ол ойын былай түйіндейді: «Қазіргі заманғы әлеуметтік жағдай мұғалімдер алдында оқудың төмен мәселесі және оқушылардың білім сапасының төмендігі, білім мен тәрбие беру арасында алшақтық, рухани мүдделердің кедейлігі сияқты жаңа күрделі проблемаларды қояды.

Бұл жағдай мектеп мұғалімінің жан-жақты жетілген тұлғасын талап етеді, өйткені үнемі өзгермелі кәсіптік жағдайларда мұғалімнің негізгі «қаруы» – оның жеке тұлғасы, оңтайлы педагогикалық шешімдерді табуға септігін тигізетін тұлғалық қасиеттері, оның кәсіби кемелденуі болып табылады». К.М. Левитан мұғалімнің тұлғалық сапасын деонтологиялық

тұрғыдан анықтайтын қабілеттер жиынтығын төмендегідей тәртіппен құрастырған: өз пәні бойынша жоғары деңгейлі білім; сол білімдерін дағдыларын оқушыларға жеткізе білуі; талап қоя білушілік; оқушыны пәнге қызықтыра білуі; жалпы ой-өрісі; жанашырлық, тілектестік; педагогикалық әдеп; сабақты қызықты ұйымдастыра білуі; өз пәніне, мамандығына деген сүйіспеншілік; шыдамдылық; балалардың жан-дүниесін түсіне білуі; балаларға деген сүйіспеншілік; әділдік, әділеттілік; өзін-өзі тәрбиелеуге құлшынысы; өзіл, астарлы сөздерді ұғына білуі; жаңа техникалық құралдарды меңгере білуі; ұстанымдылық; көпшілдік; сөйлеу шеберлігі; еңбексүйгіштік; сабырлылық, байсалдылық; әртістік қасиет; музыкалық қабілеттері; адал, ақниеттілігі, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыра білуі.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығының компоненттері оның педагогикалық қызметіндегі дербестік іс-әрекет стилінде көрініс табады. Әрбір мұғалімнің педагогикалық қызметінің дербестік іс-әрекет стилін анықтау – оның деонтологиялық әлеуетінің, кәсіби шеберлігінің қалыптасуының маңызды шарты болып саналады. Дербестік іс-әрекет стилі ұғымына адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес табысты еңбекті қамсыздандыратын міндеттер, әдіс-тәсілдер, тактикалар жүйесі жатады. Мысалы, екі педагог бірдей жағдайда нақты бір әдісті қолданғанымен, нәтиже түрліше болады. Мұның өзі мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынас стиліне байланысты. Қарым-қатынас стилі дегенді педагог пен оқушылардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекетіндегі дербес-психологиялық ерекшеліктері деп түсіндіріледі.

А.К. Маркованың түсіндірмесі бойынша, ұстаздың іс-әрекет стилі педагогикалық қызметке қойылатын талаптарға оның мүмкіндіктерінің сәйкес келуіне байланысты ерекшеленеді. А.К. Маркова мен А.Я. Никонованың айқындаған оқыту іс-әрекетінің стилдерінің топтамасын келтіре кетейік: эмоционалды-импровизациялық, эмоционалды-әдістемелікті, парасатты-импровизациялық және парасатты-әдістемелікті. Бірінші мен төртінші өзара қарама-қарсы стильдер [1] деп көрсетті.

Эмоционалды-импровизациялық стильге ие ұстаздардың іс-әрекетін жоғары деңгейдегі шапшандық, оқытудың көп әдістерін қолдана білуі, оқушылардың шығармашылықты, белсенді әрекеттеріне дем бере алуы сипаттайды. Мұндай ұстаз қайталау, пысықтау, білімді бақылау әрекеттерін «ұсақ-түйек» санап, мән бермейді, көбіне сабақта қызықты материалмен шұғылданып, өзгесін оқушылардың өздеріне іздестіруді ұсынады. Ол өз іс-әрекетіне рефлексия жасауға, нәтиже шығаруға көп көңіл бөлмейді.

Парасатты-әдістемелікті стильде жұмыс істейтін ұстаз оқытудың нәтижесіне бағдарланады, ол педагогикалық үдерісті анық жоспарлап, басқарып отырады. Қайталауға, пысықтауға, оқушылардың білім, дағды, икемділіктерін бақылауға көп көңіл бөледі. Жұмыс темпі баяу, оқыту әдістерінің спектрі шамалы, рефлексиялық қабілеті дамып жетілген болады.

Эмоционалды-әдістемелікті және парасатты-импровизациялық стильдер жоғарыда жазған екеуінің орта аралығында болады.

Деонтологиялық даярлығын асыру үшін ұстаз өзінің жүйке жүйесінің ерекшелігін біліп соған сәйкес дербес қарым-қатынас стилін қалыптастырғаны жөн. Сонымен қатар өзін-өзі жан-жақты танып-біліп, табысты қызметке сәйкес жетілдіруі қажет. Ұстаздың дербес стилін білу мектеп әкімшілігіне де пайдалы. Табиғатына сәйкестенбейтін іс-әрекет стилін мұғалімге зорлап міндеттеу ойлаған нәтижеге жеткізбейді.

Қызметінің ерекшелігіне сәйкес ұстаз тұлғасының деонтологиялық сипаттамасын оның деонтологиялық даярлығының компоненттері арқылы ашу, педагогтың этико-деонтологиялық сипатына сәйкес қасиеттердің, әсіресе, пайдалы дегендерінің таңдалуы, ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру мүмкін екендігін көрсетеді.

Адамзат ұстазға арналған өте көп педагогикалық «кеңестерді», «рецептерді» сақтаған. Соның ішінде, ең маңызды кеңес – мұғалімнің қоғамдағы өз орнын анықтай білу қажеттілігі.

Қорыта келгенде, оқытушы өзінің сыртқы бейнесі арқылы да, өзінің ұстаздық ісі, адамгершілігі арқылы да, балалармен достық қарым-қатынас орнатуы арқылы да, өз оқушыларына ақылшы, тәрбиеші болу арқылы да үлгі болуы керек. Сонда ғана ол оқушылардың алдында беделді болады. Мұғалім бойында мұның бәрін болдыруға жетелейтін құдіретті күш – парыздылық сана-сезімі, деонтологиялық әлеуеті.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру түсінігіне негіз болатын ойшылдардың ақылдарын келтіре кетейік. Адамның ой-сезімін, мінез-құлқын тәрбиелеп, жетілдіру арқылы оны бақыт жолына салу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей

арнаған орта ғасырдағы Шығыстың әйгілі ойшыл философы Әл-Фараби болды. Әл-Фараби «Бақытқа жету жолына меңзеу» деген тамаша еңбегінде кісінің жан дүниесін жетілдіру мәселесін философиялық тұрғыдан зор білгірлікпен жан-жақты да, терең зерттеп, талқыға салады. Мұнда Әл-Фарабидің айтуынша, бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты, үлкен игілік. Сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін адамда үш түрлі тамаша табиғи қабілеті бар. Ол: а) ерекше жаралған дене құрылысы; ә) жан құмарлықтары; б) ой парасаты [2]. Бұл қабілеттер өзінен-өзі табиғат тудырған қалпында бақытқа жеткізбейді. Бірде түгелдей жақсылық нәтижесін берсе, енді бірде керісінше болуы мүмкін. Мұндай кездейсоқтықты жеңудің жолы – аталған үш қабілеттің әрқайсысын дұрыс жолға бағыттап тәрбиелеу, терісін оңдап, дұрысын ілгері дамыту, сол арқылы адамның мінез-құлқы мен ой-парасатын оларды саналы түрде үнемі дұрыс нәтиже тудыратын дәрежеге көтеру.

Мұны іске асыру, бір жағынан, адамның өзіне байланысты болса, екінші жағынан арнайы тәрбиеге тәуелді. Сонымен Әл-Фарабидің бұдан мың жылдан бұрын айтылған кемеңгерлік ойлары бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ дей отыра, біз оларға ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру үдерісі негізделеді демекпіз.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыруды жеке тұлғаның сан қырлы білім алып, тәрбиеленуі тұрғысынан қарастыруға болады. Мұндай білім алу парыздылық сана сезім, таным және ерік үдерістерінің нәтижесі болып табылатын парыздылық месел мен кәсіптік мінез-құлқ тәсілдерінің синтезімен, болашақ ұстаздың мінез-құлқындағы кәсіптік деонтологияға деген тұрақты көзқарасымен; өзін-өзі икемдеу, жетілдіру көрінісімен сипатталады [3].

Осыған орай, педагогикалық мамандықтағы студенттің деонтологиялық даярлығын қалыптастыру оған болашақ кәсіби қызметіне сәйкес парызының мазмұнын игертіп, түсіндіре отырып, санасын тәрбиелеу. Яғни, осы парызға сәйкес студенттің болашақ қызметі аясында міндеттерін орындауы оның ішкі сарынының, сезімдерінің, сенімдерінің, ойларының негізінде жүреді.

Ұстаздың деонтологиялық даярлығына кәсіптік қызметін деонтологиялық талаптарға сәйкес атқаруға қажетті білім, біліктілік деңгейі, санасының дайын болу күйі жатады. Деонтологиялық даярлығы қалыптасқан жағдайда мұғалім өз мінез-құлқын, әрекеттерін парыздылық сезімге бағындыра алады. Ұстаздың деонтологиялық даярлығын жүзеге асыру үшін оның жеке тұлғалық мінез-құлқына, сана-сезіміне сәйкесті әсер ететін арнайы деонтологиялық дайындық қажет.

Ұстаздың деонтологиялық дайындығына – деонтологиялық ұстанымдарға сәйкес қызмет етуге қажетті білім, біліктілік қорын қамту, санасын жетілдіру, тәрбиелеу әрекеттері жатады. Ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру құрылымы философияның сана, сана-сезім туралы қағидаларына сүйене анықталады [4]. Осыдан, ұстаздың деонтологиялық даярлығын қалыптастырудың мақсаты: егемендігіне ие болып еңсесін көтеріп жатқан халықтың денсаулығын сақтауына әрдайым күресте болатын, өзінің кәсіптік парызына тұла бойы берік, еліміздің игілігіне ауқымды үлес қосатын ұл-қызын тәрбиелеп, өсіретін ұстаз тұлғасын дайындау. Оның бойына ұстаздық қызметтің гуманистік сипатына сәйкес адамгершілікті-психологиялық қасиеттер дарыту, ғылыми-тәжірибелік ізденіске жалықпайтын, қажымай-талмай өзінің жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін жетілдіруге бейімделген, кәсіптік санасын, сана сезімін қалыптастыру.

Бұл адамгершілік талаптарының және олардың өзіндік мәнін түйсіну қажеттілігін әрі қарай саралайтын құбылыс. Басқаша айтқанда, сендіру дегеніміз – білім мен сезімнің қорытпасы. Сондықтан ұстаздың сене және сендіре білуі оның мінез-құлқының тұрақты қасиеті болуы қажет. Педагогтың ішкі сенімінен, жүрек әмірінен туындайтын парыздылық санасы, сана-сезімі, яғни деонтологиялық әлеуеті оған баламен ұтымды қарым-қатынас жасауына, оның көңіл-күйін түсініп, бар күшін соның тұлғалық дамуына жұмылдыруына көмектеседі.

Педагогикалық деонтологияның мақсаты – тәрбиеленушінің жеке тұлғалық табиғатына сай дамуына жәрдемдесу мүддесіне сәйкес педагог қызметін сәйкестендіру. Педагогикалық деонтология педагогтың оның кәсіби іс-әрекеті саласындағы мінез-құлқының ережелерін даярлайды. Деонтологиялық даярлық мұғалімнің кәсіптік қызметін деонтологиялық талаптарға сәйкес атқаруға білімділігі мен біліктілігінің жетік, кәсіби парыздылық санасының дайын болу күйі жатады.

Педагогтың деонтологиялық даярлығын жүзеге асыру үшін оның жеке тұлғалық мінез-құлқына, сана-сезіміне сәйкесті әсер ететін арнайы деонтологиялық дайындық қажет. Ал, деонтологиялық дайындыққа мұғалімнің деонтологиялық ұстанымға сәйкес қызмет етуге қажетті білім, біліктілік қорын қамту үдерісі жатады. Деонтологиялық даярлығы қалыптасқан мұғалім өз мінез-құлқы, ерік-жігерін парызылық сезімге бағындыра алады.

Осы сияқты педагогтың парызылық, адамгершілікті санасының рационалдығы өзіндік мәнімен қоса эмоционалды үдерістерге әсер ету мәні бар:

– біріншіден, дүниетанымның біртұтас бейнесін құрастыру негізінде эмоцияны бағыттайды, оған дұрыс бағдар береді;

– екіншіден, бар тәжірибені жинақтай келе өзіндік эмоция жолын дұрыс таңдауға әсер етеді.

Сананың рационалды және эмоционалды аясының өзара тәуелділігін растайтын мектеп өмірінде толып жатқан көріністер баршылық, мысалы:

– оқушыны кемсіту, оны жан күйзелісіне ұшырату (сананың эмоционалды бөлігі) оның танып білу процесін тежейді, оқуға деген ынта-ықыласын жояды (сананың рационалды аясындағы салдары);

– керісінше, оқу үдерісіндегі психологиялық жайлы жағдай (сананың эмоционалды аясы) оқушының интеллектуалдық әлеуетін толығымен пайдалануға мүмкіндік береді (сананың рационалды аясындағы салдары);

– мұғалімнің эмпатиясы төмен, сезімділігі жұтаң, бойын таптаурын билеген болса (сананың эмоционалды аясы), онда ол болып жатқан педагогикалық жағдаятқа сын тұрғысынан мән бере алмайды, оның маңыздылығын сезбейді, дұрыс әрекет жасай алмайды (сананың рационалды аясындағы салдары);

– керісінше, педагогтың жоғары эмпатиясы, ішкі сенім мен кәсіби парыз сезімінің бар болуы, әр оқушымен тіл табыса алуы (сананың эмоционалды аясы) оқушының жан дүниесін түсінуге, табиғи қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік туғызады (сананың рационалды аясындағы салдары) т.б.

Жоғарыда көрсетілген, сананың рационалды және эмоционалды арақатынастарының жалпы қағидалары, педагогикалық психология мен деонтологияның бірқатар аса маңызды мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешуде үлкен мәні бар. Нақты әрекеттерде көрінетін сананың эмоционалды және рационалды құрамдас бөліктерінің жүзеге асырылуы адамның ішкі және сыртқы жағдайларға қарамастан өзінің мақсатты қызметін саналы түрде өзін-өзі анықтау және реттеуін білдіретін даралық сананың еріктік бөлігіне байланысты.

Ең алдымен, сананың бұл түрлері олардың күнделікті өмірінде саналуан қисын, күш және маңызбен араласып іске асатынын әр педагог өзінің қызмет тәжірибесінде естен шығармағаны абзал.

### Әдебиеттер

1. Ф.М. Кертаева Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. – Оқу әдістемесі. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002
2. Жарықбаев Қ., Табылдыев Ә. Әдеп және жантану, Алматы, Қазақстан, 1994
3. Философия / Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. Авторлар коллективі. Редакциясын басқарған Кішібеков Д., Алматы, Рауан, 1991
4. Асыллов Ұ., Нұсқанбайұлы Ж. Әдеп: инаттылық дәрістері. Оқу құралы, Алматы, Рауан, 1998

### ПОНЯТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕОНТОЛОГИИ

Н.А. Кулмышева, Қ. Сакенова, Қ.С. Адильжанова, А.Т. Бураханова

*В статье рассматриваются о понятие деонтология. Педагогическая деонтология учит относиться к ученику или коллеге не как к объект, своих наблюдений и педагогических действий, а как к личности со своим духовным миром, своими желаниями, страхом. Игнорирование или прямое нарушение деонтологических принципов не только снижает эффективность педагогических усилий, но и может нанести чрезмерного ущерба психическому, моральному или физическому здоровью ребенка.*

*Принцип не навреди в педагогике имеет не менее глубокий смысл, чем в медицине. Слово, действие педагога выполняют не только образовательную,*



воспитательную, информационную, но и физиологическую функции. Именно поэтому педагог должен учиться владеть педагогической техникой, не нанося вред здоровью ребенка.

Педагогическая деонтология разрабатывает правила и нормы поведения педагога в сфере его профессиональной деятельности. Эти правила и нормы являются и условием, и продуктом, и средством познания педагогической действительности.

**Ключевые слова:** Педагогическая деонтология, эмоционально-импровизация, эмоционально-методическое, долг человека, развитие.

## THE CONCEPT OF PEDAGOGICAL DEONTOLOGY

N. Kulmysneva, K. Sakenova, K. Adilzhanova, A. Burakhanova

*The article discusses the concept of deontology. Pedagogical deontology teaches to treat a student or colleague not as an object, his observations and pedagogical actions, but as a person with his spiritual world, his desires, fear. Ignoring or directly violating deontological principles not only reduces the effectiveness of pedagogical efforts, but also can cause excessive damage to the mental, moral or physical health of the child.*

*The principle of do no harm in pedagogy has a more deep meaning than in medicine. Word, action teacher perform not only educational, educational, informational, but also physiological functions. That is why the teacher must learn to master pedagogical techniques without harming the health of the child.*

*Pedagogical deontology develops rules and norms of teacher's behavior in the sphere of his professional activity. These rules and regulations are both a condition, a product, and a means of learning pedagogical reality.*

**Key word:** Pedagogical ethics, emotional improvisation, emotional and methodical, duty, development.

FTAMP: 03.61.91

**Г.М. Сыздықова**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҮЙЛЕНУГЕ ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі некелесуге қатысты әдет-ғұрыптарға зерттеу жүргізілген. Жігіттің болашақ жарын таңдауы, таңдалған қызды айттыруы, сырға салу, құда тусу және оған қатысты түрлі жоралғылардың жасалуы жан-жақты қаралады. Авторлар «қыз көру», «жар таңдау» «қыз айттыру», «киім кигізу», «жаушы жіберу», «құйрық-бауыр» жегізу, «есік көру», «жыртыс беру» сияқты дәстүрлердің мағынасын қазақтар арасында болған шетжерлік этнографтардың көзқарасын пайдалана отырып түсіндіреді. Сондай-ақ, мақалада некелесу барысында кездесетін «сақиналы қыз», «қарқаралы қыз», «жаушы», «қамшы қайтару», «өлі-тірі», «бауыздау құда», «шауып келді», «ентікпе», «балдыз көрімдік», «кемпір өлді», «күйеу аттандырар», «қыз қашар» сияқты ұғымдардың мәні ашылады.

Қазақ дәстүрінде кездесетін ұрын тойдың жастар үшін тәрбиелік мәніне назар аударылып, оның мағынасы түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** отбасы, құдаласу, қыз айттыру, жаушы, киім, «ұрын той»

Әрбір халықтың мәдениетінің құрамдас бөлігі ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан әдет – ғұрыптары мен салт – дәстүрлерін сақтау болып табылады. Қазіргі кезде жас ұрпақтың бойында өткенді білуге деген қызығушылық күшеюде. Бұл табиғи нәрсе, өйткені адамдар өздері тұрып жатқан жердің тарихын білуге тиісті, әдет-ғұрыптары мен салт – дәстүрлерін еске сақтап қана қоймай, болашақ ұрпаққа жеткізуі керек. Уақыт жылдам ағып, әрбір күн тарихтың бір бөлшегі болып отыр. Уақыт ұзаған сайын біздің ата -бабаларымыздың өткені туралы білу мүмкіндігіміз аз болып отыр. Сондықтан қазақ халқының дәстүрлі мәдени

мұраларын, әдет – ғұрыптары мен салт – дәстүрлерін сақтау мен зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары бар. Бұл әдет – ғұрыптардың барлығы ұрпақ келешегі мен нәсіл болашағын ойлаудан келіп шыққан. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша үйленетін жігіт алдымен өз теңін іздейді. Бұл дәстүр «қыз көру», «жар таңдау» деп аталады. Жар таңдауда қазақ халқында адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі қандай болуы керектігі жөнінен өзіндік талғамы қалыптасқан. Өйткені, қазақтар бұл дүниеде тұзу мылтығы, қыран құсы, жүйрік аты мен мінез –құлқы мінсіз қатыны бар ердің төрт құбыласын тең деп таныған. Міне, осындай сыннан өтіп, ұнаған қызын жігіт әке-шешесіне айтып, басы бос болса, құда түсуді өтінген. Бұл туралы қазақ әдет-ғұрпын зерттеген орыс заңгері былай деп жазып кеткен: « Үйленгісі келген жігіт ниетін әке – шешесіне білдіреді де, олар болашақ келінін таңдайды. Қалаулы қыздың басы бос болса, оған құда жіберіледі» [1, 326.].

Қазақтарда басы бос бойжеткенді киген киіміне қарап таныған. Балиғатқа толған қыз бала өз үйінде жүргенде басына жұқа қызыл орамал тартып, сыртта жүргенде қарқара немесе қарқаралы тақия киіп жүрген. Осы киім үлгісінің атауына орай оң жақта отырған қыздарды «қарқаралы қыз», «қызыл орамалды қыз» деп дәріптеген. Олардың арасынан ұнаған қыз болса алғашқы емеурінді қыздың әке-шешесіне сездірген. Сөз салынған қыз «үкілі қыз», «сақиналы қыз» атанып, басы бос емес танылады. Кейде айттырылған қызға құда түсу болмай қалатын жағдайларда қыздың әкесі бір жарым жыл жігіт жақтан жаушы келгенше күтеді, егер осы уақыт ішінде ол жақтан еш хабар болмаса, қыз әкесі жігіттің қамшысын қайтарып береді. Бұл салт «қамшы қайтару» деп аталып, «қызымның басын босаттым» деген ишараны білдіреді.

Қыз таңдалған жағдайда жігіт әкесі айттырылатын қызға құда түсуге кіріседі. Қыз айттыруға баратын өкіл қазақтарда «жаушы» деп аталды. Жаушыға жай адамды емес, көпті көрген, жөн – жосықты білгіш, сөзге шешен, әзіл –қалжыңға жүйрік адамды таңдап жібереді. Жаушының басты міндеті қыз әкесін көндіріп, бойжеткенге құда түсіп, құдалыққа келер күнді белгілеп қайту. М.Қашғаридың еңбегінде жаушы сөзі «Савчы» – «ұлы тәңірі жіберген елші» деген мағынаны білдіреді [2, 445 б.]. Мысалыға, қазір ғалымдар арасында Семей облысының әскери губернаторының әйелі деп танылып отырған Л.К.Полторацкая арнайы экспедицияға қатысып, П. деген бүркеншік атпен қазақтардың әдет-ғұрпы туралы көлемді мақала қалдырған, онда ол жаушы жіберу дәстүрі салты туралы былай деп тәптіштеп жазып қалдырған: «Құда түсу былайша өтеді. Өз ұлына біреудің қызын айттырмақ болған адам қыздың үйіне «жаушы» ретінде өзінің туысын немесе өз ортасындағы сыйлы адамды «бәленше өз қызын оның ұлына бере ме екенін» білу үшін алдын-ала жібереді. «Жаушы» атқа мінерде шалбарының бір балағын етігінің сыртына, екінші балағын етіктің қонышына салып киеді: бұл айттырылатын қыздың әкесі жылы қарсы алып, болашақ туыстықтан бас тартпасын деген ырым. Қыз аулына келгеннен кейін (жаушы) киіз үйге кіріп амандасады да келу сапарының мақсатын баяндайды. Қалыңдықтың әкесі келіссе: «басты шарттарды талдау үшін үлкен құдалар келсін,» – дейді. Сосын қой сойылып, «жаушыға» ас беріліп, үлкен құдалардың күні анықталады; негізінен сәрсенбі не бейсенбі белгіленеді, өйткені қазақ үшін осы күндер сәтті болып есептелінеді» [3, 38-39бб.].

Келген елші ұнаса және қызының басы бос болса, қыздың әкесі жақын туысын немесе үлкен ұлын шақырып, мал союға бұйырады. Келген жаушыға осылай құрмет көрсету арқылы өздерінің құда болуға кет әрі еместігін білдірген қыз жақ, қыздың әке – шешесі құдалық берік болсын деген ырыммен жаушыға жағалы шапан жабады, бұл шапан қазақтарда «шеге шапан» деп аталады. Яғни, уағданы шегелеу деген мағынада.

Қыз әкесінен хабар алған жігіт жағы құдалыққа дайындала бастайды. Алдымен жігіттің ең жанашыр туыстары жиналып, маслихат өткізіп, құдалыққа дайындық мәселесін талқылайды. Құдалардың саны әр кезде әрқилы болып келеді және әр зерттеуші әртүрлі мәлімет береді. Мысалы, Л.Ф. Баллюзек құдалардың саны үш, әрі кеткенде он адам [4, 35 б.] деп көрсетсе, Ы. Алтынсарин 5-10 адам [5, 35 б.], Н.Дж – баев 6- дан 10- ға дейін болады [6, 202 б.] деп көрсетеді. Құдаласуға арнап жасалатын той «құда түсу» тойы деп аталып, жастарды үйлендіруге қатысты көп мерекелердің алғашқысы саналады. Ертеректегі қазақ салт – дәстүрін зерттеушілердің бірі Р.Карутцтың көрсетуінше: «Қазақтардың үйлену салтанаты жеті үйлену тойын немесе тыңғылықты түрде орындауға тиісті жағдайлардың жеті

кезеңін талап етеді. Әрбір кезеңнің өз мерекесі бар және қазақтар оның бұлайша аталуы тиімді емес екенін өте жақсы білсе де үйлену тойы деп атайды. Үйлену тойлары кезекпе – кезек екі жақтың ата –аналарының үйлерінде мерекеленеді; бірінші, төртінші және алтыншысы қалыңдықтың аулында, екінші, бесінші және жетінші үйленуші жігіттің. Қалыңмал мен киітке қатысты келісімге келген сәттен бастап, бірінші тойға даярлық басталады» [7, 219б.].

Құда түсу тойы қыз әкесінің әл-ауқатына байланысты бірнеше күнге созылуы мүмкін. Қонақасы беріліп, сый-құрмет көрсетіліп болғаннан соң, құдалар қалың мал мөлшерін, оны қашан, қалай өтейтіндігі туралы, жасауға қатысты тек отау жөнінде сөз қозғайды. Қыз ұзату мерзімі мен басқа толып жатқан жоралғылардың да мөлшері осы жолы келісіледі. Құдалық берік болу үшін бір мал ақсарбас айтылып шалынады. Оның қанына құдалар қол батырып, бата бұзбауға серттеседі. О баста бауыздау қаны құйылған бата аяққа екі жақтың сөзін сөйлейтін бас құдалар найзаларының ұштарын матырып, қаннан дәм тату арқылы жүзеге асырылған бұл ырым «қанға қан қосылды, енді туыс болдық» деген ишаратты білдірген [8, 184б.]. Бата аяққа арнап күйеу әкесі жылқы не түйе, дәулеті жетіп жатса оларды бір тоғызға толтырып береді. Мал бауыздалғанда бата берген құданы қазақтарда «бауыздау құда» деп атайды. Бұлай атау үлгісі, атап өту керек бүгінгі күнге дейін сақталынған.

Құда түсіп, туысқан болудың белгісі ретінде құдаларға «құйрық – бауыр» жегізудің орны бөлек. Ақ бата беріп, қызыл қан шығарып, құйрық – бауыр жескеннен құдалар торқалы той, топырақты өлімде бастары ажырамас жақын жекжаттар болып саналады.

Құдалық той – қазақ салтындағы басты тойлардың бірі. Сондықтан да бұл тойды қазақтар ұмытылмас үшін қызықты, ән –жырмен, түрлі қалжыңдармен өткізгенді.

Жалпы, құда түсу тойында күйеу жігіт жағы небір сынды басынан кешіреді. Бірақ, құдалар кез – келген қалжыңға төтеп берулері керек. Өйткені, оларды қазақ дәстүрі бойынша әбден қинайды. Қазіргі күнде құдалықтарда кейде қатты әзіл айтылып қалса, «Құда, құда болсаң шыда» деген сөздің төркіні осы әзілдерге саятын сияқты. Халықтың бұл салтының түбінде ойын-сауық, тамашаға құмарлықпен бірге, болашақ құдалардың мінез – құлықтарын сынау, олармен жете танысып, етене танысу үлгісі жатыр деуге болады.

Құдалардың әзіл – қалжыңы аяқталған соң, құда күтудің ең жауапты сәті туады. Бұл – құдаларға киіт тарату кезеңі. Киіт кигізу қазақтар үшін құдалықтың ең басты, бұлжымайтын рәсімі. Жазушы С.Кенжеахметұлы еңбегінде киітке былай деп анықтама береді: «Киіт (дәстүр). «Құдалық белгісі – киіт, қоныс белгісі бейіт» (мақал). Құдалықтың негізгі белгісі және олардың арасында жүретін, соған ғана лайықталған сый, сыяпат. Ол құдалар дәрежесіне, дәулетіне байланысты әртүрлі болып келеді. мысалы, бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, жақсы кілем, тағы басқа заттар берілеген. Киіт қазір де бар.» [9, 24б.].

Енді жігіт жағы «есік көріп кетіндер» деп қарсы тойға шақырады. Бұл тойды қазақтар «есік көрсету» тойы деп атаған. Бұл тойдың басты мақсаты – қалыңдық жақтан келген құдаларды ағайын – жекжат, ел –жұрты, бақ – дәулетімен таныстыру болып саналады. Қыз жақтан келетін құдалардың саны міндетті түрде күйеу жақтан келген құдалардың санынан 1-2 адам артық болады. Бұл той да барынша салтанатымен, шашуымен өткізіледі. Той аяқталған соң құдалар қалыңмал алуға кіріседі, жігіт әкесі қалыңмалдың алғашқы бөлігін бөліп береді. Қалыңға алған мал ішінен кейде «келін тілі» деп бір мал қалдыратын кәденің бар екендігін кейбір зерттеушілер айттып өткен. Оның мәнісі – бұл жоралғы орындалмаса келіннің кекеш болып қалуы мүмкін. Осы тойдағы күйеу жігіттің әкесі беретін кәделер қалыңдықтың әкесінен алынатын кәделерден кем болады, бірақ қалыңдықтың әкесінің мұндай зияны басқа нәрселермен өтелетін болған. Күйеу әкесі «өлі – тіріге» деп арнайы тағы бір мал қосады. Қыз әкесі өлі-тіріге берілген малды сойып, ел –жұртқа таратады, өздері одан ауыз тимейді. Қазіргі күнге дейін ел арасында қалыңдық өлі – тіріден дәм татпайды, олай етсе оның «іші ауырады» деген ырымға жұрт қатты сенеді. Ертеректегі түсінік бойынша «өлі – тірі» - қыз ұзатылып, бөтен жұртқа кеткеннен кейін оның әке –шешесіне қызының өлі-тірісін, яки хал –жағдайын білдіру үшін құдалар жақтан арнайы кісі жіберілдеі. Ол қыздың әке – шешесіне бір сойыс мал, көр –жер сыйлық әкеледі. Осы ырым өлі –тірі деп аталады. Қыздың әке – шешесі өлі – тіріге әкелінген малды сойып, ел –жұртқа таратады, өздері өлі – тіріден ауыз тимейді» [10, 62 б.]. Қазіргі түсінік бойынша «өлі – тірі» өлілер, яғни аруақтар мен тірілердің сауап-саулығы үшін беріледі және бұл ырым қатаң сақталынады.

Екі жақта құдалық өткізіп, құдалық құранмен бекітілген соң күйеу жағы қалың малын төлеуге кіріседі. Егер, атастырылған қыз бен жігіт әлі жас болса, олар ержеткенше құдалар

арасында тек алыс –беріс жүріп жатады, ал айттыру кезінде қалыңдық бойжетіп отырса және қалыңмал толық төленіп бітсе, онда қыз ұзату тойы да кешікпей өткізіледі.

Дәстүр бойынша күйеу жігіт қалың малын төлеп, түрлі кәделерін түгел жасап болғанша қалыңдығының ата-анасының көзіне түспеуі керек, қалыңдық та осы тәртіпті ұстануға тиіс. Күйеу жігіт алғаш ұрын келуге рұқсат алғанша қалыңдығын көруге еркі жоқ. Ал қалыңдық пен күйеу жігіттің тойға дейін жүздесуі тіпті өрескел іс саналады. Жігітке қайын жұрты тарапынан бұндай қатал талаптардың қойылуы оның уақтынан бұрын қалыңдығын ұрлап кетуі мүмкін деген қауіптен тууы мүмкін.

Қазақ даласының заңдары кейде жастарға қатал көрінгенмен, олардың барлығы жастардың болашақтағы игілігі үшін жасалатындығы айқын еді. Екі жасты сағындырып бір – бірімен көрістіру де қазақ салтында тойға ұласып, өзінің әдемі дәстүрімен ерекшеленеді. Жігіттің ресми түрде қалыңдығымен кездесуге баруын «ұрын бару», ал, соның құрметіне орай ұйымдастырылған той –думанды қазақ халқында «ұрын той» деп атайды. Бұл тойдың басты мақсаты бір –бірін сағынысқан екі жасты оңаша кездестіру, олардың еркін сырласып, махаббаттарын білдіруге мүмкіндік жасау болып табылады.

Бұл туралы Х.Арғынбаев былай деп өте жақсы айтып кеткен: »Біздің ойымызша, бұл атау көне түріктердің «ичип» (урун) деген сөзінен шыққан. Бұл сөздің тікелей мағынасы түсінісу, бір нәрсенің ішкі сырын жете білу, бір нәрсеге жабыса түсу ұғымымен байланысты. Әсіресе, көне түріктердің егер жан сұлуын тапсаңоның кеудесіне жабыса түс деген сөз шумағы да «ұрын бару» ұғымының дұрыстығын дәлелдей түскендей. Тіпті, «ұрын бару» ұғымы күйеудің жасырын баруымен үйлесі жоқ, бөлек құбылыстар екендігін деректерден де көруге болады» [11, 164 б.]. Сөйтіп, ғалым бұл дәстүрдің күйеудің қалыңдығына ұрланып баруы деген пікірді жоққа шығарады.

Күйеу жігіт қыз аулына келгенде, халықтың әдептілік дәстүрі бойынша бірден қайынатасының аулына бара алмайды, ол бірнеше серігімен ауылдың сыртында қалып, тек күйеу жолдас ғана қасына ерткен адамдарымен ауылға келеді. Сосын ғана қыз әкесі қонақтарды қошаметпен қарсы алып, күйеуге арнап арнайы үй тігуге бұйрық береді. Үй дайын болғанда күйеуге хабаршылар жіберіледі, күйеу жігітке бірінші жеткен хабаршы «шауып келді» деп сүйінші кәдесін алады [12, 9 б.]. Бұдан кейін күйеу жігіт толып жатқан кәделерді өтеуге кіріседі. Алдымен, қыз жеңгелері аптығып алдыңнан шықтық, соған «өнтікпемізді» бер десе, үй тіккен әйелдер «шатыр байғазысын» сұрайды, күйеуге қалыңдықтың інісі мен сіңлісін көрсеткені үшін тағы да жеңгелер «балдыз көрімдік» талап етеді

Қазақ дәстүрлерін зерттеушілер жалпы, күйеу жігіттің қайын жұртына беретін кәде есебіндегі шығындарын жіпке тізгендей етіп жазып кеткен, атап өтсек: «Сүт ақы, балдыз көрімдік, жеңгетай, сәукеле байғазы, отау жабар, еңтігімдік, ат байлар, төсек салар, шымылдық байлар, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар, ит ырылдатар, бақан салымдық, мойын тастар, арқа жатар, қыз көтерер, кемпір өлді, күйеу аттандырар, қыз қашар» [13, 31-32 бб.]. Бұл сияқты ырым мен жол-жоралғылардың көп болуын ғалым этнографтар төмендегі жағдайлармен: бірінші, болашақ күйеудің алдында қыздың бағасын арттырып, беделін көтеру, қиындық пен бесінді жеңу барысында құштарлық, ынтығуды арттыру; екіншіден, күйеу жігітті жан-жақты сыннан өткізу; үшінші, қыз бен жігіттің шашбауын көтеріп, мадақтап, абыройын арттырып, айналасындағы адамдардың көңілін көтеріп, шаттыққа кенелтумен байланыстырады. Әрине, бұның барлығы әдемі әзіл – қалжыңдармен ұштастырылып, жарасымды өткізілген.

Күйеудің жолдастарын қыздың әкесі өз үйінде қонақ етеді. Күйеу жолдас осы жерде алып келген сыйлықтарды қыздың әке шешесі мен туыстарына таратады, олардың ең бастысы «ілу» – ол қалыңдықтың шешесіне арналып беріледі, екінші басты сыйлық – «есік ашар» – қайын атаның үйіне арналады, үшінші кәде – «жыртыс» деп аталады. Бұл сыйлықтар күйеудің қайын жұртының көңілінен шығуы тиіс, өйтпеген жағдайда той басталмайды, күйеу жігіттің ата-анасы сыйлық мөлшерін көбейтуге мәжбүр болады. Бірақ, көбіне кәделер туралы құдалар арасында алдын –ала келісім болғандықтан, бұндай разы болмаушылық өте сирек кездесетін. Сыйлықтар арасынан «жыртыстан» өзге ағайын – туыстар ешнәрсе алмайды. Жыртыс екі бөліктен тұрады: бірінші «үй жыртыс» деп аталатынды қыз шешесі, «түз –жыртыс» не «ауыл жыртыс», кейде «ағайын жыртыс» деп аталатынды жолына қарай ауыл әйелдерінің бірі отырғандарға жыртып тарқатып береді. Кәделердің мөлшеріне келсек, мысалы, ілуге қатысты Қ.Халиди еңбегінде мынандай

деректер келтіріледі:» киіт, ілу және сүт ақы, – осы үш нәрсе ешқашан тоқталмайды, «ата күші, ана сүті» деп шарт етілген нәрсе. Ілу қыз берген жақтың киітіне қарсы болады, мысалы: киітте жамбы болса, күйеу жақтан ілу де жамбы беріледі, қыз жақтан ат, түйе берілсе күйеу жақтан ілу де соған қарай беріледі. Ал, сүт ақы ілуден бір дәреже төмен, ілу жамбы болса сүт ақы – түйе, ілу түйе болса сүт ақы- ат болады» [14, 40-41 бб.]. Құдалардың мұндай қымбат кәделерге шамасы келмегендей болатын болса, онда олар өз әлінше ілуге арнап міндетті түрде сыйлықтар жіберу керек. Ілу қалыңдықтың шешелерінің жақсылап тәрбиелегені үшін берілетін сыйлық.

Күйеу жігіт ауылдың үлкендеріне көрінбей, бөлек, қыз – келіншектердің ортасында отырады. Оған қайын атасының дастарханынан төс салынған дәстүрлі табақ жіберіледі, ол оны иіліп тағзым ету арқылы алып, «төс салар» кәдесін береді. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін Қазақстанның барлық өңірінде сақталған. Ертесінде қыз әкесінің үйінде «ұрын той» басталады, оның көлемі қыз әкесінің байлығына байланысты болып келеді. «Ұрын тойдың» үшінші күні күйеу балаларымен жақынырақ танысу үшін қыз ағасы немесе туыстарының бірі барлығын үйіне шақырып, қонақ етеді. Бұл шақырған үй «болыс үй», ал берілген қонақкәде «болыс той» деп аталынады. Болыс тойдың өткізілуінің өзі екі жастың көбірек кездесіп, бір – бірін жақсы танысып – білісуіне, ал, жастардың оңаша ойнап – күлуіне жағдай жасауға бағытталған.

Үш-төрт күн жатып, қалыңдығымен танысып, мауқы басылған соң күйеу бала қайтудың қамына кіріседі. Күйеуді көп уақыт ауылда жатқызу қыз әкесіне де, қалыңдыққа да сөз келтіреді. Сондықтан күйеуді аттандырудың қамын ең алдымен оның қайын атасы ойластырады. Қайын атасы құдасына да, күйеу баласына да көңілі толып, әкелген кәдеге, түрлі сый-сияпатына разы болса, күйеу баласына жүйрік, жора – жолдастарына бір – бір аттан, аяғына шапан кигізіп қайтарады. Дала заңы бойынша «ұрын тойдан» кейін құдалардың қай жағының болсын бата бұзуы үлкен айып болып саналған. Л.Баллюзектің көрсетуі бойынша, күйеу қалыңдықтан еш себепсіз бас тартса, қалың қайтарылмайды, жігіт жағы үлкен айып тартады, ал, қыз жағынан бата бұзылған жағдайда қалыңмал толық қайтарылуымен бірге, үлкен айып та төленеді[4, 21 б.]. Ұрын той мен үйлену тойының арасы кейде ұзап кетуі мүмкін, бірақ ол ары кеткенде 2-3 жылдан артыққа созылмайды. Осы арада сағынысқан жастарды жеңгелері жасырын түрде кездестіре береді. Қалыңдықты күйеу жатқан үйге де апарды. Мұны „қалыңдық ойнау" дейді, бұған жеңгелері тағы да сыйлықтар алады [15, 232 б.]. Қазақ даласында осы екі тойдың арасы созылып кеткенде, күйеу жігіт қалыңмалын түгел төлеп қойса, қыздың әке-шешесінің сөзбұйдаға салғанына шыдамай, қалыңдығын алып қашып кеткен жағдайда дау екі түрлі жолмен шешілетін болған: а) күйеу жігіт қалың малын төлеп бітіп, қыздың әке-шешесі тойды кейінге қалдыра берсе, жігіт қайын атасының сыйлы, беделді ағайындарына сөз салып, алдынан өтуге тиіс. Егер ол осы шартты орындамай қызды алып қашса, бір ат-тон айыбын төлеп, қалыңдығын ата-анасына қайтаруға тиіс, бұдан кейін қалыңдық жағы да тездетіп жасауын жасап, қызын ұзатуға міндеттеледі; б) егер күйеу жігіт пен оның ата-анасы қалыңдықтың туған-туыстарынан бірнеше мәрте қызды сұрап келіп, олар құлақ аспаған болса, онда күйеу жігіт ешқандай айып төлемейді, қалыңдығын да қайтармайды және оған тиесілі жасауды да алады.

Қорыта келгенде, қыз таңдау аяқталған соң құда түсіп, қалың малын түгел төлеп, әдет-ғұрып бойынша толып жатқан алыс- берістер, жол-жобалар, орын-орнымен екі жағынан бірдей орындалған соң, қыз ауылында толық жасауымен қалыңдықты ұзатуға, күйеу ауылында келін түсіру тойына жасалатын дайындыққа жол ашылып, құдалық арқылы неке құру аяқталады.

### Әдебиеттер

1. Козлов И.А. Қазақтардың дәстүрлік заңдары // Қазақы неке: (Салт –дәстү жөнінде жазбалар) / Орыс тілінен ауд. Б. Қожабекова. – Алматы, Жалын, 1994. – 64б.
2. Қашқари М. Дивани лұғат ат – түрік. – Алматы, 1993. – 500б.
3. П. Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет – ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали – Алматы, «Арыс», 2006.- 416 б.

4. Баллюзек Л.Ф. Кіші Орда қазақтарында заң ретінде жүрген, тіпті қазір де кездесетін халықтық дәстүрлер // Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырған Ш.Керімов) – Алматы, Ана тілі, 1992. – 112 б.
5. Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет - ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали – Алматы, «Арыс», 2006.- 416 б.
6. Дж – Баев Н. Қазақтардың үйлену салттары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет - ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) /Құраст. С.Әжіғали – Алматы, «Арыс», 2006. – 416б. – 196 б.
7. Карутц Р. Үйлену және неке (Среди киргизов и туркменов на мангышлаке» кітабынан, Ү тарау) // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет – ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали – Алматы, «Арыс», 2006. – 416 б.
8. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу) – Алматы, Ғылым, 1973. – 328 б.
9. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы, «Ана тілі»,1994. – 80 б.
10. Қазақы неке: (Салт – дәстүр жөнінде жазбалар) / Орыс тілінен ауд. Б. Қожабеков. – Алматы, Жалын, 1994. – 64 б.
11. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы, Қайнар, 1996. – 288 б.
12. Маковецкий П. Қазақтардың заң орнына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар (1886 – жылы жазылған). // Қазақы неке: (Салт – дәстүр жөнінде жазбалар) /Орыс тілінен ауд. Б. Қожабекова. – Алматы, Жалын, 1994. – 64 б.
13. Гродеков Н.И. Сырдария облысының қырғыздары мен қара қырғыздары. – Т.1. // Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырған Ш.Керімов) – Алматы, Ана тілі, 1992. – 112 б.
14. Халиди Қ. Тауарих Хамса // Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырған Ш.Керімов) – Алматы, Ана тілі, 1992. – 112 б.
15. Старынкевич И.Д. Форма заключения брака у турских племен Сибири и Кожевников Средней Азии. – Л., 1930. – с.228

## **СВАДЕБНЫЕ ОБРЯДЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ**

Г.М. Сыздыкова

*В статье изучаются ритуальные действия в казахской народной культуре, характерные для обряда бракосочетания. В частности рассматриваются выбор девушки женихом, дарение серёг невесте, помолвка, сватовство и пр. Также в статье дано толкование свадебных обрядов казахов, описанных зарубежными этнографами. В частности разъясняются традиции и связанные с ними понятия, такие как: «қыз көру», «жар таңдау» «қыз айттыру», «киім кигізу», «жаушы жіберу», «құйрық-бауыр» жегізу, «есік көру», «сақиналы қыз», «қарқаралы қыз», «жаушы», «қамшы қайтару», «өлі-тірі», ««бауыздау құда», «шауып келді», «ентікпе», «балдыз көрімдік», «кемпір өлді», «күйеу аттандырар», «қыз қашар».*

*Автор акцентирует внимание на воспитательном значении обряда «ұрын той» и разъясняет суть и содержание этого обряда.*

**Ключевые слова:** семья, сватовство, помолвка невесты, посланец жениха, подарки сватов друг другу, «ұрын той»

## **WEDDING CEREMONIES IN THE TRADITIONAL CULTURE OF THE KAZAKHS**

G.M. Syzdykova

*The article examines the ritual actions in the Kazakh folk culture, characteristic of the wedding ceremony. In particular the choice of the girl groom, the bride gift earrings, engagement, courtship, etc. The article also interpretation of the wedding rites of the Kazakhs described by foreign ethnographers. In particular, traditions and related concepts are explained, such as: «kыз көру», «жар таңдау» «қыз айттыру», «киім кигізу», «жаушы жіберу», «құйрық-бауыр» жегізу, «есік көру», «сақиналы қыз», «қарқаралы қыз», «жаушы», «қамшы қайтару», «өлі-тірі», ««бауыздау құда», «шауып келді», «ентікпе», «балдыз көрімдік», «кемпір өлді», «күйеу аттандырар», «қыз қашар».*

koru», «zhar tandau», «kыз aittyru», «kiit kigizu», «zhaushy zhiberu», «kuiiryk-bauyr zhegizu», «esik koru», «sakinaly kyz», «karkaraly kyz», «zhaushy», «kamshy kaitaru», «oli-tiri», «bauyrdau kuda», «shauyp keldy», «entikpe», «baldyz korimdik», «kempir oldi», «kuieu attandyrar», «kыз kashar».

The author focuses on the educational significance of the rite "uryн toi" and explains the essence of this rite.

**Key words:** family, matchmaking, the engagement of the bride, the messenger of the bridegroom, gifts matchmakers each other, «uryн toi»

FTAХP: 14.07.01

**Қ.Б. Байкен, Н.А. Кулмышева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **ОҚУШЫЛАР ҰЖЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Аңдатпа:** Мақалада ұжым ұғымы және ұжымды сипаттайтын мақсаттар мен міндеттерді айқындай отырып, оқушылардың ұжымнан оқшаулану себептерін анықтау, сонымен қатар, ұжымда оқушыға кері әсер ететін жағдайларды тиімді басқаруға қойылатын талаптар көрсетілген. Оқушылар ұжымының теориясын жан – жақты зерттей отырып, ұжымның даму кезеңдеріне сипаттама беріліп, ол тікелей ұжымның мақсатына, іс-әрекетінің мазмұнына, тәртібіне, оқушының қарым-қатынас тәуелділігіне байланысты. Бұл мақалада ұжымның теориялық мәселесіне педагогтар мен қатар философтар, психологтар, әлеуметтанушылар үлес қосты. Ұжымның теориялық негізін қалыптастыратын қоғамдық пікір, ол ұжым мүшелерінің талаптары мен пікірлерін бағалау, ал нығайтудың жолы мақсатты анықтау, яғни перспективаны таңдау екені айқындалған. Осыған орай оқушылар ұжымының теориясына сәйкес жақын, орта және қашық атты перспективалары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** ұжым, оқушы, қоғамдық пікір, перспектива, дәстүр

Ел егемендігін алып, кең өрістей бастаған қоғамда, әлемдік қауымдастыққа ұмтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір оқушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғы шарт жасауы қажет деген қағида берік орнықты. “Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін орта мектептердің даму тұжырымдамасында”: “Білім берудің басты мақсаты – оқушының білім алуына, өзгермелі дүние жағдайында өздігінен әрекет ету, өзін таныту, әлеуметтік дағдыларды меңгеру қызметтерін орындауына қажетті іскерліктерді қалыптастыра отырып дара тұлғаның қабілеттерін дамыту”, - деп көрсетілді. Осыған орай, сапалы білім мен саналы тәрбие негізінде қалыптасқан оқушылар ұжымы қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі [1].

Ұжымның ұйымшылдығы, олардың мүдделері бір-бірімен ұштасып «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығаратындай халге жетуі топтың психологиялық ахуалының дұрыс, жағымды болуы, олардың арасында келіспеушіліктің орын алмауы, дамудың биік деңгейіне көтерілуі-ұжымның басты белгісі болып табылады. Ұжым мәселесімен педагогтар мен қатар философтар, психологтар, әлеуметтанушылар айналысуда. Педагогикалық тұрғыдан теориясын қалыптастырып, дамытуға А.С. Макаренко, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Н.К. Крупская, В.У.И. Сороко-Росинский, С.Т. Щацкий және т.б. ғалымдар өзіндік тұрғыдан үлес қосты.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар жалпы ұжым ұғымына бірнеше анықтама береді. Мысалы, Г.И.Шукина: «Ұжым дегеніміз – бірыңғай қоғамдық бағалы мақсаты бар, жауапты міндеттері, өздерінің ұжымдық органы, басқа ұйымдармен тығыз

байланысы бар балалардың біріккен тобы» – деп түсіндіреді. Ал, Т.А. Ильина: «Ұжым-арнайы мақсатқа бағытталған, іс-әрекет негізінде ұйымдасқан адамдар бірлестігінің формасы» екенін көтереді. Ю.К. Бабанский: «Қоғамдық мәні бар, ортақ мақсаттар негізінде жалпы маңызды бағыттарға байланысты қарым-қатынас жасайтын адамдардың әлеуметтік бірлестігі – ұжым» деген ұғымды қамтиды [2].

**В.А. Сухомлинский:** «оқушылар ұжымы – өте сезімтал аспап, ол тек педагог арқылы ғана дамиды»- деп тұжырым жасаған. Мұғалім ұжымның даму заңдылықтарын, сатыларын, оқушылардың жеке мүмкіншіліктерін білуі тиіс дегенді білдіреді. Оның терең ойлары "Коллективтің құдіретті күші" атты ғылыми еңбегінде әрбір бала тәрбиесі ұжымдағы негізгі тәрбие құралы және оқушы мен мұғалім арасындағы рухани қарым-қатынас ұжымдық қатынастың даму процесі деп баяндалады.

Ұжым проблемасын зерттеушілер қазір оны зерделеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін жасауда. Орыс педагогы **Л.И. Новикова** әрбір баланың тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамыту құралы ретінде оқушылар ұжымын басқарудың барынша тиімді жолдарын зерттесе, ал педагог **Т.Е. Конникова** ұсынған ұжымның басты қызметін оқушының мінез-құлықтық дамуымен байланыстырады. **Н.К. Крупская** балаларды ұжымда тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесінің негізін жасай отырып, жасөспірімдерді жастайынан бірлесіп ынтымақта өмір сүруге, еңбек етуге үйрету керек деп ой түйеді. 1926 жылы "Көркемдікке тәрбиелеудің міндеттері туралы" атты еңбегінде: "Қазіргі тәрбие ісінің көлемді міндеттерінің бірі – балаларды ұжым болып жұмыс істеуге және ұжым болып өмір сүруге үйрету", – деп атап көрсетті [3].

Әрине, педагогикада ұжым мәселесін А.С. Макаренко есімімен тікелей байланыстырамыз. Ол ұжымда жеке адамды қалыптастырудың теориялық негізін құра отырып, оның басты белгілерен атап көрсеткен. Яғни, ұжым – басқа да бір ұжыммен органикалық байланыста болатын қоғамның бір бөлігі; қоғамдық маңызы бар мақсаттың болуы; ұжым мүшелерінің іс-әрекетін ұйымдастыру; олардың арасында жауапкершілікті қарым-қатынас орнату; өзін-өзі басқару органдарының болуы.

